"Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Адрес: Жамбылская область, г.Тараз, көш. ЖЕЛТОКСАН, үй 28, ресм.
БСН/ЖСН: 121240019074
Басшы: ЕСИРКЕПОВ АБЗАЛ ЕСЕНОВИЧКЕ

«JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінен
Адрес: Жамбылская область, Жамбылский район, с.Аса, САКЕН СЕЙФУЛЛИН, 27
БСН/ЖСН: 170440026605
Төраға: Муратбаев Каныбек Жарылқасынұлынан

"Елім-ай Достық" қоғамдық бірлестігінің берген шағымына жауап:

Техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшасына сәйкес «Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабында көзделген салаларға сәйкестігі» критерийі бойынша біздің жарғымыз бойынша 2 балл орнына 0 балл беру керек деп шағым түсірген.

Алайда,

1. ҚР “Мемлекеттік сатып алу туралы” заңы
(№ 434-V ЗРК, 2015 жылғы 4 желтоқсан)
12-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары

• 2-тармақ: Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әділ бәсекелестік пен тең құқықтылық қағидаттары сақталуы тиіс.

• Бұл дегеніміз жарғымыздың “мәнінде” (предметінде) қызмет бар болса, бірақ тек “мақсатында” жоқ деген себеппен қабылдамау – бұл тең құқықтылықты бұзу және бәсекелестікті шектеу болып саналады.

2. ҚР Азаматтық кодексі
(Жалпы бөлім, 1994 жылғы 27 желтоқсан, № 268-XIII)
38-бап. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі
• 1-тармақ: Заңды тұлға жарғыда көрсетілген қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.
• 2-тармақ: Егер қызмет түрі жарғының мәнінде (предметінде) көрсетілген болса, онда заңды тұлға сол қызметпен айналысуға толық құқылы.
Яғни,
• Біздің жарғымыздың "мәнінде" (предметінде) көрсетілген қызмет – біздің заңды түрде бұл қызметпен айналысуға құқығымыз бар екендігін көрсетеді..

Сондықтанда, бұл критерий бойынша бізге **2 балл** комиссия шешімімен толықтай дұрыс берілген деп есептейміз.



Скриншот

№14133447-1 конкурсының №76545175-ГСЗ2 лоты бойынша конкурс комиссия нәтижесінің хаттамасына наразылық:
Конкурс комиссиясының нәтижесі бойынша:
1) – Бағалау нәтижесі бойынша «*Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 3 балл қойылған. «Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі» - осындай өлшемшарт болған жағдайда ғана балл қойылу қажет. Алайда, «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесі 3 жылдан астам уақытты құрайды.

Осыған орай, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында бекітілген Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес *Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) критерийіндегі* **«Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі»** бойынша **6 балл** аламыз. Және жұмыс тәжірибесі бойынша 6 баллға сәйкестігімізді конкурстық құжаттамада жұмыс

тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен счет-фактураларының электрондық көшірмелерін өткізу арқылы растадық.

2) – Бағалау нәтижесі бойынша «*Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)»* атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 2 балл қойылған. **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11-бап, 1-тармағы** және **«Мемлекеттік сатып алу қағидаларының» 78, 465-тармақтары** бойынша әлеуетті өнім беруші еңбек ресурстары бойынша барлық тараптары орындалса, 4 балл қойылу қажет.

Ал біздің мамандардың барлық құжаттары толық салынып, дипломдар мен послужной списокпен дәлелденген. Сондықтанда, бұл критерий бойынша **2** балл орнына, **4 балл** қойылуы қажет.

3) – Бағалау нәтижесі бойынша «*Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі»* атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 4 балл қойылған. *«Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейін жұмыс тәжірибесі бар»* - осындай өлшемшарт болған жағдайда ғана 4 балл қойылу қажет. Алайда, «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің жергілікті бюджет есебінен атқарылған жұмыс тәжірибесі 7 жылды құрайды.

Осыған орай, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында бекітілген Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшаға сәйкес *Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі* критерийіндегі **«Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар»** бойынша **6 балл** аламыз. Және жұмыс тәжірибесі бойынша 6 баллға сәйкестігімізді конкурстық құжаттамада жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен счет-фактураларының электрондық көшірмелерін өткізу арқылы растадық.

«JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі **№76545175-ГС32 лотының** комиссия нәтижесі шығарып берген жалпы 26 балл жинап

жеңімпаз атанатынымызды хабарлаймын. Себебі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 467 тармағы, 3-тарауына *(егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 24-тен 28 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30% азаяды.)* сәйкес «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі **№76545175-ГС32 лоты бойынша** 30% жеңілдік алып, жеңімпаз атанатын болады.

«JASTAR» дамыту орталығы»
жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы К. Муратбаев
электронды қол қойылды